

Жүніс Әміре «Диуанындағы» фоно-семантикалық бірліктер және олардың қазіргі түркі тілдеріндегі қолданыстары

*С. Утебеков^а, Ж. Сүйінжанова^б

^аҚожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан Республикасы

ORCID: 0000-0003-3557-6758

(E-mail: senuteb@gmail.com)

^бБайланыс үшін автор: senuteb@gmail.com

^бҚожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан Республикасы

ORCID: 0000-0003-4036-9016

(E-mail: zhanar.suinzhanova@ayu.edu.com)

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:

Жүніс Әміре, Диуан, газал, фоно-семантикалық сабақтастық, Көне Анадолы түрікшесі, түрік тілі, оғыз тілдері, қазақ тілі, түркі тілдері, сопылық әдебиет.

XҒТАР 16.01.09

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-196-213>

АННОТАЦИЯ

Мақалада Анадолы түріктерінің мәдени өміріне ерекше әсер еткен және түрік әдеби тілінің қалыптасуына үлкен үлес қосқан сопылық әдебиеттің ірі өкілі Жүніс Әміренің (XIII-XIV ғасырлар) «Диуан» атты поэтикалық жинағындағы жалпытүркілік лексикалық қабатқа кешенді лингвистикалық талдау жасалады. Жүніс Әміренің тілі арқылы қазақ және түрік әдеби тілі әлі толық қалыптаспай тұрған тарихи кезеңдегі жазба мұралардың тілін талдау арқылы қазіргі түркі тілдері арасындағы тарихи-тілдік сабақтастықты, фонетикалық, морфологиялық және семантикалық ұқсастықтарды анықтау мақсаты алдыңғы орынға шығады. Зерттеу барысында «Диуанда» кездесетін, қазіргі түрік әдеби тілінде архаизм, диалектизм немесе халықтық форма ретінде танылып, қолданыстан шығып қалған, алайда қазақ тілінде белсенді түрде қолданылып келе жатқан 50-ден астам сөз іріктеліп, тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде тілдік тұрғыдан талданады. Бұл сөздердің фонетикалық (дыбыс сәйкестіктері, алмасулар, редукция мен метатеза), морфологиялық (түбір мен қосымшалардың тарихи формалары), сондай-ақ семантикалық дамуы жан-жақты сараланады. Мысалға алынған сөздердің түрік тіліндегі көне және диалектілік формалары мен қазіргі қазақ тіліндегі тұлғалары өзара салыстырыла отырып, олардың арғы тегі – көне түркі, Қарахан, Хорезм, қыпшақ, қарлұқ және шағатай дәуіріне тән лексикалық жүйелермен байланысы көрсетіледі. Мақалада дыбыстық сәйкестік заңдылықтарына ерекше назар аударылады: мысалы, т ~ д, ш ~ с, ж ~ й, ү ~ е, ұ ~ ы, ғ ~ ө, в ~ у дыбыстарының орын алмасуы арқылы сөздердің

тарихи даму жолы көрсетіледі. Сонымен қатар, «Диуанда» оғыз тілінің элементтерімен қатар, қыпшақ және қарлұқ тілдеріне тән белгілердің аралас көрініс табуы, бұл шығарма тілінің бір ғана диалектінің шеңберінде емес, көпқабатты лингвистикалық жүйеге негізделгенін дәлелдейді. Түркі әдебиетінің ортағасырлық өкілі ретінде Жүніс Әміренің тілі тек сопылық поэзияның рухани мазмұнын ғана емес, сондай-ақ түркі халықтарының ортақ тілдік қорын, мәдени жады мен тарихи сабақтастығын да бойына сіңірген. Осы тұрғыдан алғанда, ақын шығармашылығы түркі тілдері арасындағы ішкі диахрониялық үдерістерді зерттеу үшін таптырмас лингвистикалық дерек көзі болып табылады. Мақала нәтижесінде алынған деректер түркі халықтарының ортақ лексикалық қорының сақталуы мен жойылу себептерін, жеке тілдердегі сөздердің даму бағытын, сондай-ақ әдеби тілдерге тән нормалардың қалайша қалыптасқанын зерделеуге мүмкіндік береді. Жүніс Әміре «Диуаны» сынды ескерткіштердің тілін салыстыра зерттеу арқылы қазіргі түркі тілдерінің арасындағы байланыстарды жүйелі ғылыми негізде анықтауға болатыны дәлелденеді.

***S. Utebekov^a**

*^aKhoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkistan, Republic of Kazakhstan*

ORCID: 0000-0003-3557-6758

(E-mail: senuteb@gmail.com)

*Corresponding author: senuteb@gmail.com

J. Suyinjanova^b

*^bKhoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkistan, Republic of Kazakhstan*

ORCID: 0000-0003-4036-9016

(E-mail: zhanar.suinzhanova@ayu.edu.com)

Phono-semantic units in the “Diwan” of Yunus Emre and their continuity in modern Turkic languages

Abstract. This article provides a linguistic analysis of the shared Turkic lexical elements found in the poetic collection Diwan by Yunus Emre (13th-14th century), a prominent figure in Sufi literature who had a significant impact on the cultural life of Anatolian Turks and played a key role in shaping the Turkish literary language. By analysing the written heritage from a period when the Kazakh and Turkish literary languages were not yet fully formed, the study identifies historical and linguistic continuity, as well as phonetic, morphological

Received 06 July 2025. Revised 15 August 2025. Accepted 30 September 2025. Available online 30 December 2025.



Дәйексөз үшін: С. Утебеков, Ж. Сүйінжанова Жүніс Әміре (XIII-XIV ғғ.) дәуіріндегі түрік тілі мен қазақ тілінің фоно-семантикалық сабақтастығы // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 4. 196-213 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-196-213>

For citation: S. Utebekov, J. Suyinjanova Phono-semantic continuity of the Turkish and Kazakh languages in the era of Yunus Emre (XIII-XIV centuries) // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 4. P. 196-213. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-196-213>

and semantic correspondences between modern Turkic languages through the language of Yunus Emre. The study examines more than fifty words from the 'Diwan' that are considered archaic, dialectal, or vernacular in modern Turkish literary language and have fallen out of use, yet remain actively used in the Kazakh language. It provides comprehensive analysis of the phonetic, morphological and semantic development of these words. Ancient and dialectal forms of Turkish words are compared with their modern Kazakh counterparts, demonstrating their connection to the lexical systems of the Old Turkic, Karakhanid, Khorezm, Kipchak, Karluk and Chagatai periods. Particular attention is given to sound correspondence laws, such as the alternation of $t \sim d$, $\varsigma \sim j$, $j \sim y$, $\ddot{u} \sim e$, $u \sim i$, $g \sim \emptyset$, and $v \sim u$. The presence of the Kipchak and Karluk features, alongside Oghuz elements, in the 'Diwan' suggests that the language of the work is not based on a single dialect, but represents a multi-layered linguistic system. As a medieval representative of Turkic literature, Yunus Emre's language integrates the spiritual content of Sufi poetry, with the shared linguistic heritage, cultural memory and historical continuity of Turkic peoples. These findings facilitate the study of the preservation and loss of the shared Turkic lexicon, the evolution of words in individual languages, and the formation of literary language norms. By comparing the language of literary works such as Yunus Emre's 'Diwan', the interconnections between modern Turkic languages can be determined on a systematic, scientific basis.

Keywords: Yunus Emre, Diwan, ghazal, phono-semantic continuity, Old Anatolian Turkish, Turkish language, Oghuz languages, Kazakh language, Turkic languages, Sufi literature.

С. Утебеков^a

*^aМеждународный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави,
Туркестан, Республика Казахстан
ORCID: 0000-0003-3557-6758
(E-mail: senuteb@gmail.com)*

**Автор для корреспонденции: senuteb@gmail.com*

Ж. Сүйінжанова^b

*^bМеждународный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави,
Туркестан, Республика Казахстан
ORCID: 0000-0003-4036-9016
(E-mail: zhanar.suinzhanova@ayu.edu.com)*

Фоносемантические единицы в «Дивани» Юнуса Эмре и их преемственность в современных тюркских языках

Аннотация. В статье проводится лингвистический анализ общетюркского лексического пласта в поэтическом сборнике «Диван» Юнуса Эмре (XIII-XIV века), выдающегося представителя суфийской литературы, который оказал особое влияние на культурную жизнь анатолийских турок и внёс большой вклад в формирование турецкого литературного языка. Анализируя язык письменных памятников исторического периода, когда казахский и турецкий литературные языки ещё не были полностью сформированы, ставится цель выявить историко-лингвистическую преемственность, фонетические,

морфологические и семантические сходства современных тюркских языков. В процессе написания статьи было выбрано более 50 слов из «Дивана», которые в современном турецком литературном языке считаются архаизмами, диалектизмами или устаревшими словами и вышли из употребления, но при этом активно используются в казахском языке. Эти слова анализируются с лингвистической точки зрения на основе историко-сравнительного метода. Всесторонне исследуется их фонетическое (соответствия звуков, замены, редукция и метатеза) оформление, морфемно-структурный анализ включает рассмотрение исторической эволюции корневых и аффиксальных морфем, а также прослеживается семантическое развитие слова в диахроническом аспекте. Древние и диалектные формы слов, взятых в качестве примеров, сравниваются с их современными формами в казахском языке и демонстрируется их связь с лексическими системами древнетюркской, караханидской, хорезмской, кыпчакской, карлукской и чагатайской времён. Особое внимание в статье уделяется закономерностям звуковых соответствий: например, историческое развитие слова прослеживается через фонетические изменения, отражающие эволюцию звукового состава: $t \sim d$, $sh \sim s$, $zh \sim y$, $y \sim e$, $u \sim ы$, $f \sim \emptyset$, $v \sim u$. Кроме того, смешанное проявление в «Диване» элементов огузского языка наряду с признаками кыпчакских и карлукских языков доказывает, что язык этого произведения основан на многоуровневой лингвистической системе, а не на рамках одного диалекта. Язык Юнуса Эмре как средневекового представителя турецкой литературы отражает не только духовное содержание суфийской поэзии, но и общую языковую систему, культурную память и историческую преемственность тюркских народов. С этой точки зрения творчество поэта является незаменимым лингвистическим источником для изучения внутренних диахронических процессов в тюркских языках. Полученные в результате статьи данные позволяют изучить причины сохранения и исчезновения общего лексического фонда тюркских народов, рассматривается направление эволюции слов в отдельных языках, а также процесс формирования норм, характерных для литературного языка. Обосновывается, что систематическое и научно обоснованное сравнительное изучение языка памятников, таких, как «Диван» Юнуса Эмре, позволяет выявить закономерные связи между диахронией и синхронией тюркских языков.

Ключевые слова: Юнус Эмре, Диван, газель, фоносемантическая преемственность, древнеанатолийско-тюркский, турецкий язык, огузские языки, казахский язык, тюркские языки, суфийская литература.

Kіріспе

Түрік әдеби тілінің қалыптасу тарихында XIII-XVI ғасыр аралығы өте маңызды кезең болып саналады. Түркия түркологиясында «Eski Anadolu Türkçesi» деп аталатын бұл кезеңде Қашқари сөздігінде де біршама атап өтілетін түркі тілдерінің оғыздық ерекшеліктерінің нақты көрінісі байқала бастады. Морфологиялық, фонетикалық және лексикалық жағынан байқалатын бұл тілдік ерекшелік Факих Якут Арслан, Ахмед Факих, Сұлтан Велед, Шеййад Хамза, Ходжа Деххани, Жүніс Әміре, Әбулхайр Руми, Ариф Али, Гүлшехри, Ашык Паша, Ходжа Месуд, Шейхоғлу Садреддин Мустафа, Ахмед-и Даи, Шейхи, Кады Бурханеддин, Эрзурумлу Кады Дарир секілді көптеген қаламгердің шығармалары арқылы кең қанат жайды. Бұл қаламгерлер Анадолыдағы

түрік мырзаларының қолдауына сүйеніп, сол шақта түркілер құрған Газне, Селжүк секілді ірі мемлекеттердің өзінде дін, білім, ғылым тіліне айналған араб және парсы тілдерін ығыстыра отырып, түрік тілінің өркендеуіне орасан зор қызмет етті. Әсіресе, бұлардың ішінде Анадолыдағы сопылық әдебиеттің негізін қалаушы, шайыр Жүніс Әміренің есімі ерекше аталады. Өмір жолы, рухани қызметі Ахмет Ясауи секілді аңыздық деректерге толы Жүніс Әміренің Анадолы тумасы екені айқын болса да, туған жылы, өмір сүрген жері, өмірден озған жылы туралы нақты деректер жоқ, дереккөздер бір-біріне сәйкес келе бермейді. Соңғы деректер мен зерттеулерде оның 1240 жылы Сакария өзенінің бойында дүниеге келіп, алғашқы білімін Конияда Таптук атты бір ғұламадан алған деген болжамдар айтылады. Анадолы, Сирия, Әзербайжан жерлерін аралағандығы, Наллыхан облысына қарасты Эмрем Сұлтан ауданында өмір сүріп, 1320 жылы қайтыс болғандығын жазады (Tatçı, 2013; Akar, 2013). Мазары Эскишехир қаласына қарасты Сарыкөйде (Tatçı, 2013; Güzel, 2003: 375).

М.Татчының берген мәліметіне сүйенсек, «Жүніс Әміре Ұлы Түркістанда Ахмет Ясауиден басталатын хикмет дәстүріне ұқсас илахи жанрында жырлар жазды. Өлеңдерінің кейбірі аруз өлшемімен жазылса, көбісінде буын өлшеміне басымдық беріледі» (Tatçı, 2013; 602). Тілдік жағынан халықтық стильге тән түсінікті, анық, жатық. Дегенмен көркемдік тұрғысынан да қуатты екенін оның қолданған метафоралық, символикалық, образдық, эмоционалды, экспрессивті қолданыстарынан байқауға болады. Ақынның өлеңдерінен оның терең білім иесі екенін, араб-парсы тілдерін жоғары деңгейде білетінін, исламның ережелері мен шариғаттың сүннеттерін жетік түсінетінін, хадистер мен риуаяттарды, ислам және басқа да халықтардың мифологиясын жақсы білетінін, араб, парсы, түркі халықтарының әдебиетіне жатық болғанын, әсіресе поэтика мен поэзия жүйесін жан-жақты меңгергенін анық көруге болады. Ақын сол шақта қарапайым халық арасында ғана қолданылып келе жатқан түрік тілінің әдебиет және мәдениет тіліне айналуына орасан зор үлес қосты. Философиялық ойларымен танылды, түркі мәдениеті мен ислам мәдениетінің біте қайнасуына еңбек сіңірді. Аллаға деген сүйіспеншілікті, пайғамбарға деген сый-құрмет, адамдар арасындағы қарым-қатынасты жырлап, гуманизмді насихаттады. Халықты бірлікке, ынтымаққа шақырады, достыққа үндеді, шындықты айтуды, жүректерден орын алуды, әділеттікті ұстануды, құндылықтарды құрметтеуді үйретті. Сондықтан да оны ғалым Али Акар айтқандай, «Қазіргі кезеңде де Анадолы, Балқан, Әзербайжан, Ирак, Иран, Сирия секілді елдердің түрік тілінде сөйлейтін ауылдарында да құрметтеп, илахилерін жатқа оқиды» (Akar, 2013: 242).

Материалдар және зерттеу әдістері

Жүніс Әміренің «Рисалатун Нусхиййе» (1307 ж.) және «Диуан» (1307 ж.) атты өлең жинақтары бар. Сопылық сарында жазылған насихаттар кітабы саналатын алғашқы еңбегі мәснеуи жанрында жазылған 562 бәйіттен тұрады (Akar, 2012: 243; Tatçı, 2013). Кейбір деректерге сүйенсек, бұл еңбектің Сүлеймания кітапханасы, Караман, Яхия Эфенди, Нұросмания, Бурса нұсқалары бар (Datlı, 2014: 639).

Ал «Диуан» еңбегі ғазал дәстүрінде жазылған илахилер (діни-дидактикалық өлеңдер) жинағы болып табылады. Араб әліпбиімен жазылған отыздан аса нұсқасы, латын, грек әліпбилерімен хатқа түскен бірнеше нұсқасы бар (Tatçı, 2013; Köksal, 2014; Uysal,

2022). Еңбек алғаш 1933-1934 жылдары Б.Топрак тарапынан жарияланса, одан кейінгі кезеңдерде А.Гөлпынарлы (Gölpınarlı, 1943), Н. Касым (Kasım, 1969), Ф.К.Тимурташ (Timurtaş, 1972), М.Татчы (Tatçı, 2008), И.Н.Ұйсал (Uysal, 2017) жарияланымдары бірнеше рет жарық көрді.

Мақаламызда М.Татчы тарапынан 2008 жылы жарияланған транслитерациясы негізге алынады. 417 өлең орын алған жинақтың сөздік қорының түркілік қабаты, сөздік құрамы қазіргі түрік және қазақ тілінің әдеби нормасымен салыстырылады, мысалға алынған сөздердің дыбыстық, тұлғалық, мағыналық (фономорфо-семантикалық) ерекшеліктеріне талдау жасау мақсат етіледі. Бұл тұрғыдан алғанда зерт-теу мақаламызда көзделген мақсатқа жету үшін сипаттамалы (конфронтивті), салыстырмалы (синхрониялық), тарихи (диахрониялық), салғастырмалы (контрастивті) әдістер қолданылады.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Жүніс Әміре шығармашылығын алғаш Ф.Көпрүлү ғылыми тұрғыдан зерттеп, «Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar» (1919 ж.) атты еңбегін жариялады. Одан соң ақынның өмірі, шығармашылығы, оған байланысты дереккөздері, Анадолы түріктерінің мәдениетіне үлесі, көзқарастары, дүниетанымы секілді тақырыптарға байланысты көптеген зерттеу жұмыстары жарық көрді. Шығармаларының тілдік және стильдік ерекшеліктері Ф.Көпрүлү, А.Гөлпынарлы, А.Жафороғлу, Э.Гемалмаз, Н.Хажыеминоғлу, Х.Саид, Б.Деде, З.Коркмаз, А.Гүншен, Ф.Тимурташ, Х.Гүнгөр, А.Акар, Э.Үшенмез, М.Өзкан, С.Тезжан, Я.Ақдемир, Т.Ток сияқты ғалымдардың еңбектерінде қолға алынды. Лексикалық қорындағы көнерген сөздер мен Орталық Азия түркілерінің тіліне тән элементтерге алғаш назар аударған ғалым – Ф.Көпрүлү (Köprülü, 1976: 292). Бұл тақырып А.Гөлпынарлының «Yunus Emre'de Öz Türkçe Kelimeler» (Gölpınarlı, 1934), А.Масаланың «Yunus Emre'de İnsan Sevgisi» (Masala, 1971), А.Жафороғлуның «Yunus Emre'de Arkaik Unsurlar» (Caferoğlu, 1972), Ж.Өзгүр «Yunus Emre'nin Kullandığı Farklı İki Türkçe» (Özgür, 2001), А.Акардың «Türkiye Türkçesinin Kuruluşu ve Yunus Emre» (Akar, 2012), Я.Ақдемирдің «Yunus Emre'de Kelime Kadrosu» (Akdemir, 2013) атты мақалаларында, Б.Деденің «Yunus Emre'nin Eserlerinin Tahlili» (Dede, 1990) атты докторлық диссертациясында қарастырылады. Сол секілді Д.Датлының 2013 жылы жарық көрген «Risaletü'n-Nushiye'deki Arkaik Kelimelerin Tespiti ve Kelime Türlerine Göre Sınıflandırılması» атты мақаласында Жүніс Әміренің «Рисалатун Нухиййесіндегі» 144 көнерген түбірдің тізімін береді (Datlı, 2014). Сол жылы жарық көрген А.Жин мен В.Бабажан да «Yunus Emre'nin Risaletü'n-Nushiyye'si ve Divan'ı Üzerine Yeni Bir İnceleme» атты мақалаларында еңбектердің Фатих нұсқасындағы 3502 реестр сөздің ішінен 300-ге жуық архаизмді мысалға келтіріп, олардың Көктүрік ескерткіштері мен «Диуани лұғат-ит түрік» еңбегінде кездесетінін және фонетикалық жағынан да, мағыналық жағынан да еш өзгермегенін атап өтеді (Cin-Babacan, 2013: 63). Бұл нұсқада ғалымның келтірген архаизмдерінің ішінде біздің талдап отырған нұсқада жоқ *dîñci* - тыңшы, *dükel* - түгел, *tutaş* – тұтас секілді сөздер бар екені назар аудартады А.Абдуллаевтың «Yunus Emre ve Azerbaycan Dili» (1991), З.Йылдырым мен Ш.Агхатабайдың жазған «Yunus Emre'nin Söz Hazinesinde Türkmen Türkçesinin Yansımaları» (2022), Шерубай Құрманбайұлы мен Марлен Адиловтың «Abay, Yunus Emre ve Ahmet Yesevi'nin Dilindeki Türk Lehçeleri

Arası Dilsel Özellikler» (2023) атты мақалаларын ерекше атап өтуге болады. Өйткені бұл мақалалар біздің қолға алып отырған мақаламызбен өзектес бола отырып, Жүніс Әміре «Диуан» еңбегіндегі қазіргі әзербайжан, түрікмен және қазақ тілдеріне тән тілдік көрсеткіштерге байланысты талдау жасайды. Мысалы, А.Абдуллаевтың мақаласында ақынның сөздік қорындағы архаизмдерді мысалға келтіре отырып, бұлардың әзербайжан тілін түрік тілімен байланыстыратын сөздер деп бағалайды (Abdullayev, 1991: 504). Ал З.Йылдырым мен Ш.Агхатабайдың мақаласында қазіргі түрік тілі үшін көнерген сөз ретінде саналатын бірнеше мысалға тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде талдау жасалады. Соның ішінде біздің де мысал етіп алып отырған döy-, kezek, obrıl-, yар-, yort-, yumuş секілді сөздер де кездеседі (Yıldırım-Aghatabai, 2022). Шерубай Құрманбайұлы мен Марлен Адиловтың мақаласында қыпшақ тіліне тән элементтер деп 20 шақты сөзді мысалға келтіреді. Олардың арасында біз мысалға алған geñ, kezek, koduk, ogır, sagınc, sınık, süngük, toyla-, ut-, yort-, yu- сөздерін қарастырады (Kurmanbaiuly, Adilov, 2023).

Қазақ ғылымында Жүніс Әміре шығармашылығын лингвистикалық тұрғыдан талдамақ былай тұрсын, 2021 жылы Жүніс Әміренің 700 жылдығына орай ұйымдастырылған халықаралық сempoзиумда түрік тілінде ұсынған М.Ескееваның «Жүніс Әміре мен Абай Құнанбаев шығармаларындағы діни құндылықтар сабақтастығы» (Eskeyeva, 2021), Д.Қамзабекұлының «Юнус Эмре және Шәкәрім: сабақтастық сипаты» (Қамзабекұлы, 2021), Д.Ысқақовтың «Жүніс Әміре мен Абай: Рухани сабақтастық» (Ысқақов, 2022), Г.Қосымованың «Юнус Эмре және Абай: “Сүю” концептісі» (Қосымова, 2022), Ш.Ибраевтың «Юнус Эмре мұрасындағы сопылық мотивтердің Абай поэзиясындағы трансформациясы жайында» (Ибраев, 2024) секілді бірлі-жарым мақаладан өзге талдау жұмысын табу қиын. Негізінен әлемнің көптеген тілдеріне аударылған Жүніс Әміренің өлеңдері 1991 жылдардан бастап басқа да түркі тілдерімен қатар қазақ тіліне де аударыла бастады. «Диуан» жинағы ең алғаш 1996 жылы Ә.Нілібаев аудармасымен жарық көрсе (Нілібаев, 1996), одан соң 2018 жылы М.Отарбаевтың (Отарбаев, 2018), 2020 жылы С.Нұржановтың (Нұржанов, 2020) аудармалары арқылы қазақ оқырмандарымен қауышты.

Талдау

Д.Аксанның берген мәліметіне сүйенсек Жүніс Әміре өлеңдерінің тілдік қабатының 13%-ы кірме сөздерден тұрады (Aksan, 2004: 120). А.Жин мен В.Бабажан шайырдың екі еңбегінде 3502 сөз қолданылғанын, оның 1708-і түркизм екенін, бұған фразалық тіркестерді, идиомаларды қосқанда мұның пайызы 65%-ға жететінін, ал араб тілінің сөздері 22%, парсы тілі 9%, т.б. тілдердің элементі 4%-ды құрайтынын жазады (Çin-Babacan, 2013: 68).

«Диуан» жинағының тілдік қабатына байланысты Я.Ақдемир мынадай статистика ұсынады (Akdemir, 2013: 453).

Түркизм: 1342 / 46,990%

Арабизм: 1063 / 36,429%

Парсизм: 490 / 16,792%

Араб + парсы: 7 / 0,239%

Парсы + араб: 11 / 0,376%

Латын-грек: 3 / 0,102%

Монголизм: 2 / 0,068%

Жалпы: 2918 / 100%

Ал С.Хуршиддің айтуынша, «Диуанда» түркізмдермен салыстырғанда кірме сөздердің саны біршама көп екені, алайда сөздердің қолданылу жиілігі жағынан басқа тілдерге қарағанда түркілік қабатының басымдығы айқын көрінеді (Khourchid, 1991: 105).

Түркизм: 12 926/ 63,8%

Арабизм: 4713/ 23,2%

Парсизм: 2614 / 12,9%

Басқа: 22 / 0,1%

Жалпы: 20275 / 100%

Әрине, Жүніс Әміренің өмір сүрген дәуірін және өлеңдерінің ислам дінін насихаттау, шариғаттың сүннеттерін үйрету мақсатында жазылғандығын ескерсек, араб және парсы кірмелерінің жиі ұшырасуы таң қалатын дүние емес деп ойлаймыз. Ал шын мәнінде Жүніс Әміре Зухал Күлтүрал атап өткендей оғыз тілінің ерекшеліктеріне негізделген түрік тілінің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан тұлға десек қателеспейміз (Kültüral, 2022: 455).

«Диуан» лексикасының түркілік қабатына келетін болсақ, ақын тілінде қазіргі түрік тілінің әдеби нормасында қолданылатын сөздер мен фразеологиялық тіркестердің басым көпшілігі кездеседі. Сонымен қоса сол кезеңде Анадолыда өмір сүрген басқа да ақын-жазушылар секілді қазіргі түрік әдеби тілінде кездеспейтін архаизмдерді жиі қолданылғанын көруге болады. Ә.Гемалмаз оның өлеңдерінің фонетикалық ерекшеліктерін былай қойғанда, түрік тілінің нормасына ұқсас болғанымен, көне Анадолы тілінің әзербайжан, түрікмен тілдерінен аса айырмашылығы жоғын, сонымен бірге кейде көне түрік тілінің, әсіресе шығыс түркі тілдері тобының, Қарахан дәуірінде жазылған ескерткіштердің іздерін байқауға болатынын атап өтеді (Gemalmaz, 1991: 2). А.Акар да осыған ұқсас «Жүніс Әміре өз өлеңдерінде көне түркі, көне ұйғыр, Қарахан дәуіріндегі түркі тілдерінің лексикалық қорынан қолдана отырып, көне мен жаңаның, Орталық Азия мен Анадолының арасында дәнекерлік қызмет атқарады» деп жазады (Akar, 2012: 61).

Бұл мақаланы қолға алуымызға да осындай пікірлер және Жүніс Әміренің «Диуан» жинағындағы көптеген сөздердің қазіргі түрік тілінің әдеби нормасында қолданылмай, қазақ тілінде кездесуі себеп болған еді.

Сонымен мақаламызда Анадолы өңірінің ортағасырлық ұлы ақындарының бірі Жүніс Әміре «Диуанының» тілінде қолданылса да, Ыстамбұл тұрғындарының тіліне негізделген қазіргі түрік тілінің әдеби нормасынан тыс қалған, яғни түрік тілінің түсіндірме сөздігінде (Türkçe sözlük, 2005) архаизм, диалектизм, халықтық ретінде көрсетілген сөздерді мысалға ала отырып, олардың көне түркі тіліндегі және қазіргі қазақ тіліндегі дыбысталуы мен мағыналық ұқсастықтарына тоқталуды жөн санап отырмыз. Бұл орайда Қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігіне сүйенеміз.

аşıқ - «асығу, аптығу» (ЖӘД, 148/4) < көне түрік. ашуқ- (Малов, 1951: 361) > қаз. асық- (ҚӘТС-II, 57).

ауыт- «айту, сөйлеу» (YED, 16/4) < орх. аут- (Tekin, 1968: 295) > қаз. айту (ҚӘТС-I, 172).

балкі- «жарқырау» (ЖӘД, 233/12). көне қыпш. balkı- (Caferoğlu, 1931: 127) > қаз. балқы- «жұмсақ күйге айналу, еру; (ай, күн жұлдыз) нұрлану, шапақтану; жайнау» (ҚӘТС-II, 686).

bay «бай, мырза, әмір» (ЖӘД, 31/10; 95/18) < орх. bay (Tekin, 1968: 296) > қаз. бай «дәулетті кісі» (ҚӘТС-III, 145).

bayaqı «баяғы, бұрынғы; әлгі» (ЖӘД, 394/12) < көне ұйғ. bayaqı (Caferoğlu, 2011: 36) > қаз. баяғы (ҚӘТС-III, 147-148).

bayı- «баю» (Tatçı, 2008: 349) < көне ұйғ. bayı- (Caferoğlu, 2011: 36) > қаз. байы- (ҚӘТС-II, 608).

döy- «төзу, шыдау» (ЖӘД, 6/4) < Қарахан. töz- (Paçacıoğlu, 2016: 657) > қаз. төз- (ҚӘТС-XIV, 328).

dün «түн» (ЖӘД, 148/10) < көне түр. tün (Малов, 1951: 435) > қаз. түн (ҚӘТС-XIV, 490).

geñ «кең, көлемді» (ЖӘД, 111/2) < көне ұйғ. käng (Caferoğlu, 2011: 105) > қаз. кең (ҚӘТС-VII, 612).

emcek «емізик» (ЖӘД, 152/10) < *emcek > қаз. емшек (ҚӘТС-V, 272).

kayda «қайда» (Tatçı, 2008: 379) < көне ұйғ. kanta (Caferoğlu, 2011: 166) > қаз. қайда?

karak «көздің қарасы, қарашығы» (ЖӘД, 290/2) < көне ұйғ. karag (Caferoğlu, 2011: 167) > қаз. қарақ (ҚӘТС-IX, 325).

kargı «найза» (Tatçı, 2008: 379) < көне ұйғ. kargı (Caferoğlu, 2011: 167) > қаз. қару «ұрыста қолданылатын шабуыл және қорғаныс құралдары» (ҚӘТС-IX, 390).

kezek ~ kezik «кезек, рет» (ЖӘД, 198/1) < көне ұйғ. kezig > қаз. кезек.

koduk «есектің төлі» (ЖӘД, 207/9) < *koduk > қаз. қодық (ҚӘТС-IX, 634).

köy- ~ göy- «күю, жану» (ЖӘД, 313/14) < көне ұйғ. küymek (Caferoğlu, 2011: 118) > қаз. күй-.

köyün- ~ göyün- «күйіну, жану» (ЖӘД, 268/14) < көне ұйғ. köymek «күю, жану» (Caferoğlu, 2011: 118) > қаз. күйін- «әділетсіз іске, жауыздыққа т.б. қарсылықпен ашу-ызаға булығы, кею, ренжу» (ҚӘТС-VIII, 455).

kuş- «құшу, құшақтау» (ЖӘД, 245/5) < көне ұйғ. kuş- (Caferoğlu, 2011: 185) > қаз. құш- (ҚӘТС-X, 461).

nişe «не үшін? қалай?» (Tatçı, 2008: 392) < көне ұйғ. näşä «қанша? неше?; қалай?» (Caferoğlu, 2011: 135) > қаз. неше?».

obril- «опырылу, ойылу, қопарылып түсу» (ЖӘД, 241/8; 291/11) < ДЛТ. оргі «шұқыр, ор» (Atalay, 1986: 440) > қаз. опырыл- «морт қиратылу, омырылу» (ҚӘТС-XI, 712).

örü turmaq «өре тұру» (ЖӘД, 217/10) < орх. ör- «көтеріліс жасау» (Tekin, 1968: 487) > қаз. өре түрегел- / тұр- «бірі қалмай, бәрі орындарынан тұру» (ҚӘТС-XII, 190).

öt- «өту, кешу» (ЖӘД, 290/2) < көне түрік. öt- (Малов, 1951: 497) > қаз. өт- (ҚӘТС-XII, 236).

saşı «той-жиында құтты болсын үшін тәтті, ақша шашу дәстүрі, шашу» (ЖӘД, 372/8) < көне ұйғ. saşığ (Caferoğlu, 2011: 192) > қаз. шашу (ҚӘТС-XV, 302).

sagın- «ойлау, санау» (ЖӘД, 221/7; 158/7) < орх. saqın- «ойлау; жоқтау» (Tekin, 1968: 307) > қаз. сағын- «көруге құмарту, аңсау, үнемі ойлап жүру» (ҚӘТС-XII, 530).

sagınç «қалау, тілек; ой, толғам» (ЖӘД, 212/2) < көне ұйғ. sagınç ~ sakınç «с.м.» (Caferoğlu, 2011: 194) > қаз. сағыныш «аңсаған тілек, құмартқан сезім» (ҚӘТС-XII, 530).

saq «сақ, мұқият» (ЖӘД, 239/11) < көне ұйғ. sak (Caferoğlu, 2011: 194) > қаз. сақ «қырағы, абай, көреген» (ҚӘТС-XII, 550).

sın- «сыну, қирау» (ЖӘД, 244/6) < орх. sın- (Tekin, 1968: 308) > қаз. сын- (ҚӘТС-XV, 509).

sınuk «сынық, сынған» (ЖӘД, 222/6) < ДЛТ. sinuk (Atalay, 1986: 517) > қаз. сынық (ҚӘТС-XIII, 520).

sünük «сүйек» (ЖӘД, 22/4) < орх. süñök (Tekin, 2016: 308) > қаз. сүйек (ҚӘТС-ХІІІ, 395).

şeş- «шешу, босату» (ЖӘД, 194/7) < көне ұйғ. şaşmāk (Caferoğlu, 2011: 217) > қаз. шешу (ХV, 354).

talbın- «талпыну, ерсілі-қарсылы әрекеттер жасау» (ЖӘД, 295/14) < ДЛТ. talpın- (Atalay, 1986: 565) > қаз. талпын- (ҚӘТС-ХІІІ, 669).

tam- «таму, сорғалау, сыздықтау» (ЖӘД, 335/37; 373/14) < ДЛТ. tam- (Atalay, 1986: 566) > қаз. там- (ҚӘТС-ХІІІ, 674).

tañ «аң-таң, таң (қалу)» (ЖӘД, 7/8) < көне ұйғ. tang (Caferoğlu, 2011: 223) > қаз. таң (ҚӘТС-ХІІІ, 697).

tap- «табу; тағзым ету» (273/13) < көне түрік. tap- (Малов, 1951: 426) > қаз. тап- «қолға түсіру; кезіктіру» (ҚӘТС-ХІІІ, 708-709).

tapşur- «тапсыру» (Tatçı, 2008: 405) < көне түрік. tapşur- (Малов, 1951: 426) > қаз. тапсыр- «міндеттеу, жүктеу; бір затты бір адамға өткізу» (ҚӘТС-ХІІІ, 713).

tayın- «таю, тайғанақтау» (Tatçı, 2008: 405) < көне ұйғ. tay- (Caferoğlu, 2011: 229) > қаз. тай- «аяғы (дөңгелегі) сырғанап, тұрған орнынан жылжып кету» (ҚӘТС-ХІІІ, 617).

toy «той, мейрам» (ЖӘД, 327/11) < көне ұйғ. toy (Caferoğlu, 2011: 248) > қаз. той (ҚӘТС-ХІV, 207).

toyla- «тойлау, мерекелеу» (ЖӘД, 327/11) < көне ұйғ. toy (Caferoğlu, 2011: 248) > қаз. тойла- « (ҚӘТС-ХІV, 211).

tuman «тұман; көздің қарауытуы» (ЖӘД, 108/8) < орх. tuman (Tekin, 1968: 311) > қаз. тұман (ҚӘТС-ХІV, 420). Түрік әдеби т.: sis «тұман» (TS: 1777), duman «түтін» (TS: 575).

tütün ~ dütün «түтін» (ЖӘД, 207/9; 294/10) < көне ұйғ. tütün (Caferoğlu, 2011: 260) > қаз. түтін (ҚӘТС-ХІV, 528). Түрік әдеби т.: tütün «темекі жапырағы» (TS: 2022-2023). Салыстыр: tuman.

